

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ БОЛАШАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ** атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*25-26 қараша 2015 жыл*

**МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-практической конференции  
**ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИЙСКОЙ  
ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ КАК ФАКТОР  
УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

*25-26 ноября 2015 года*

**MATERIALS**

of international scientific and practical conference  
**PROSPECTS FOR EURASIAN ECONOMIC INTEGRATION  
AS A FACTOR OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT  
OF KAZAKHSTAN**

*25-26 November 2015*

Алматы 2015

3. Кузнецов В.М. Аутсорсинг: новое слово в управлении // ЭКО: Экономика и организация промышленного производства. №6. 2005. С. 79.
4. Аутсорсинг бизнес-процессов. Советы финансового директора. М. Доннелан – М.: Вершина, 2006. 416 с.
5. Рудая И.Л. Методология управления в экономических системах на основе аутсорсинга. Дисс. Докт. Экон. Наук. М.: ГУУ, 2010

## ТИМДІЛІК АУДИТІ МЕН АНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ СТАНДАРТТАРЫН САЛЫСТЫРУ

<sup>1</sup>Ж.З. Оралбаева, <sup>2</sup>А.Қ. Бейсенбаева, Н.Ш. Мансұрова

<sup>1</sup>э.ғ.к., доцент,

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, 2-курс магистранттары

Мақалада тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыру мәселесі қарастырылады. Салыстыру нәтижесі негізінде тиімділік аудитін ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша тәжірибелік кеңестер беріледі.

The article considers the problem of comparing the performance audit and analysis. At the conclusion of the comparison are given practical advice on the organization and implementation of performance audit.

Бүгінгі таңда ұйымның жарық болашағын айқындау мен оның қаржылық тұрақтылығын нығайту мақсатында қаржылық бақылауды жүзеге асыру үшін тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулер жүргізудің маңызы зор. Алайда кейбір жағдайларда тиімділік аудитін жүргізудің орнана тиімділікпен байланысты бірқатар сұрақтарды аналитикалық зерттеулердің көмегімен оқып үйрену маңызды болып табылады. Мысалы, белгілі бір мәселелерді оқып үйрену үшін тиімділік аудитіне альтернативті құрал ретінде аналитикалық зерттеулерді пайдалану туралы мынадай жағдайларда қолданылуы мүмкін:

- егер мәселенің мәні нақты ашылмаса;
- тексеру белгілері нақты анықталмаған жағдайда.

Әдетте аналитикалық зерттеулер тиімділік аудитімен салыстырғанда көбінесе жазбаша сипатқа ие болады. Олар көбінесе белгілі бір нақты мәселелерді зерттеуге ғана бағытталады. Аналитикалық зерттеулерді жүргізу кезінде негізінен мынадай аспектілерге көңіл бөлінеді:

- қандай да бір мәселені жазбаша түрде сипаттау;
- қажетті ақпараттық базаны қалыптастыру осы мәселені немесе осы ақпараттық базаны болашақта бағалау үшін белгілі бір әдістер жүйесін жасау.

Осы аспектілерді бір аналитикалық зерттеу негізінде немесе кейбір жағдайларда аналитикалық зерттеулерді бірнеше кезең бойынша жүргізу арқылы оқып үйренуге болады. Аналитикалық зерттеулер жүргізудің мақсаттары аудиторлық тексерудің мақсаттарынан ерекшеленеді. Себебі олар көбінесе зерттеулік сипатқа ие болады. Аналитикалық зерттеулердің мақсаттары:

1. қандай да бір мәселені жазбаша сипаттау;
2. озық тәжірибелерді және жұмысты ұйымдастырудың қатардағы әдістерін анықтау;
3. зерттеуге жататын белгілі-бір мәселелерді анықтау;
4. қандай да қандай да бір мәселеге жалпы көзқарас қалыптастыру;
5. белгілі-бір қызмет түрлерінен күтілетін нәтижелерді анықтау;
6. болашақта тексерулер жүргізу кезінде қолданылатын белгілерді (критерий) жасау.

Тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыру өз алдынша тиімділік аудитін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртіптерін еске алуды қажет етеді. Олар:

1. Тексеруді жоспарлау. Бұл процесте ең алдымен тексеру тақырыбы мен объектісі таңдалады. Бұл жағдайда қоғам тарапынан неғұрлым жоғары қызығушылық танытқан объектілерді таңдау қажет. Тексеру тақырыбын немесе объектісін таңдау кезінде қарастырылатын сұрақтар міндетті түрде негізделінуі қажет және тексеруді жүргізу бойынша қаржылық шығын сметасын жасау қажет. Сырттан инспекторлар тартылған жағдайда олармен келісім шарттар бекіту қажет. Тексеруді жүргізу үшін жұмыс жоспарын жасау қажет онда мынадай сұрақтар қарастырылуы керек:

1. Тексеру объектісінің атауы
2. Әрбір объекті бойынша тексерілетін сұрақтар
3. Нақты мәліметтер мен дәлелдемелерді жинақтау әдісі
4. Қажетті ақпараттарды жинақтау көздері
5. Тексеру жүргізген мерзім
6. Тексеруші топтың жетекшісі және оның мүшелерінің тізімі.

- аналитикалық зерттеулер нәтижелері туралы есепте қоланылған белгілерді көрсету талап етілмейді. Сонымен бірге анықталған белгілер бойынша ұйым басшысының келіспеушіліктерін көрсетудің қажеттілігі болмайды.

- зерттеу нәтижелері туралы нәтижелерде ешқандай ұсыныстар көрсетілмейді. Себебі зерттеулерді жүргізу кезінде ұсыныстарды міндетті түрде дайындау талап етілмейді. Ұсыныстар есепте қажет болған жағдайда ғана көрсетілуі мүмкін.

- Зерттеу нәтижелері туралы есепте зерттеу жүргізудің ұйым басшысының келіспеушіліктерін көрсету талап етілмейді.

- Зерттеу нәтижелері туралы есепте қандай да бір зерттеулердің мақсаттарын есере отырып жасалған қорытындылар ғана көрсетілуі мүмкін.

Тиімділік аудитіне қарағанда аналитикалық зерттеулер қосымша шараларды міндетті түрде өткізуді талап етпейді. Аналитикалық нәтижесінде қандай да бір маңызы бар кемшіліктер анықталған жағдайда ғана қосымша шаралар жүргізілуі мүмкін. Қосымша зерттеулер көбінесе тиімділік аудитінің жүргізу қорытындысы бойынша жасалған ұсыныстарға сай жүргізіледі. Аналитикалық зерттеулерді жүргізу кезінде аудиттің барлық түрлеріне ұқсас әдістер қолданылады. Сонымен бірге аналитикалық зерттеу шеңберінде сапаны басқару жүйесінде қолданылатын шаралар пайдаланылады. Аналитикалық зерттеу шеңберінде аудиторлық тексеруді жүргізу кезінде қолданылатын бақылау механизмдері де қолданылады. Аналитикалық зерттеулер жүргізу туралы ұсыныстар болған жағдайда ғылыми зерттеу институттары немесе жеке ғылыми қызметкерлер ұсынылған мәселелер бойынша өз көзқарастарын білдіреді және арнайы комиссия зерттеулерді жүргізетін тұлғаларды анықтайды.

Сонымен тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыра отырып, тиімділік аудитін ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша келесідей тәжірибелік кеңестер беріледі:

1. Нақты әлеуметтік экономикалық мәселелерді шешуге арналған мемлекеттік мақсаттық бағдарламаларға тиімділік аудитін жүргізу қажет. Бұл жағдайда алғаш рет жүргізілген тиімділік аудитінің көлемі аз болғаны тиімді болып саналады. Бұндай кезде тексерушілер бағдарламаларды тексеру кезінде кемшіліктерді анықтауға көңіл бөлулері қажет.

2. Тексеруші топтың құрамына аналитикалық жұмыстарды жүргізе алатын және тексерілетін сала бойынша сәйкес білімі бар инспекторларды енгізу қажет.

3. Тексерілетін бағдарламаларды алдын ала мұқият зерттеу қажет және тексерудің мақсаты мен сұрақтары нақты анықталуы керек. Тексеру мақсатын екеуден асырмаған дұрыс.

4. Бағдарламаларды іске асыру бойынша кемшіліктерді анықтауға ұйым қызметкерлерімен әңгімелесулер арқылы қол жеткізген тиімді болып саналады. Сонымен инспектор мемлекеттік бағдарламаға қатысы бар адамдармен қажетті контактілер орнату арқылы тексеруге әсер ететін маңызды ақпараттарды ала алады.

5. Тексеруді жүргізген инспекторларды алдын ала үйрету оқытудың маңыздылығына қарамастан нағыз үйрену тексеру объектісін де болатынын естен шығармау керек.

6. Бірнеше тексерулер жүргізгеннен кейін тексеруші топтың ішінен тиімділік аудитінің әдістерін неғұрлым терең меңгерген және жұмысы бойынша жақсы нәтижелер көрсеткен инспекторларды анықтау қажет. Тиімділік аудитіне қатысты басқа тексерулер жүргізу кезінде анықталған инспекторларға тексеруші топты басқаруды талап етуге болады.

7. Тексеруші топ мүшелері жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша жасалған есепте көрсетілген әрбір кемшіліктерін қорытындыларын дәлелдей білуі қажет. Дәлелдеу үшін қажетті ақпараттары, құжаттары болуы керек.

8. Тексеру жүргізу барысында тексеріліп жатқан ұйым басшыларымен кездесіп отырудың маңыздылығы жоғары.

9. Тиімділік аудитін жүргізу нәтижесі бойынша жасалған есеп қысқа болуы қажет (20 беттен көп емес) және онда тексерудің негізгі қорытындылары ғана көрсетілуі қажет.

10. Тиімділік аудитінің нәтижесі бойынша жасалған есепке қызығушылық танытқан тұлғалардың неғұрлым көп болғаны дұрыс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сауниц А.Н., Аудит эффективности в государственном финансовом контроле (научно-методическое пособие), 2004г., Издательский дом «Финансовый контроль» Москва, 144 с.
2. А.И. Ракитов, Д.А. Бондяев, И.Б. Романов, А.Ю. Щербakov «Системный анализ и аналитические исследования» - руководство для профессиональных аналитиков - М., 2009, - 448 с
3. Абленов, Д. О. Нарықтық экономикадағы аудит тиімділігі [Электронды ресурс] : оқу- әдістемелік кешені / Д. О. Абленов . - Алматы : ҚазЭУ, 2012. — 42 б.

Арзаева М.Ж. Интеграциялану жағдайындағы салық салу жүйесіндегі жекелеген мәселелер	140
Байдәулетов М., Анашева Ж.Ж., Өміртасова С.С. Қазақстандағы салық түсімін сипаттайтын көрсеткіштерді талдау	143
Жорабаева Ж.Қ. Қазақстан Республикасында медициналық сақтандыру: жағдайы және жетілдіру мәселелері	146
Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Проблемы развития интегрированного фондового рынка Казахстана и России	148
Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Қазақстанның қор нарығының Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында даму мүмкіндіктері	151
Ермекбаева Б.Ж., Блембаева А.Н. Қазіргі кездегі қазақстан республикасындағы салықтық әкімшіліктендіру және оның даму болашағы	153
Жоламанова М.Т. Финансовые механизмы интеграции в рамках Евразийского экономического союза	156
Өсербайұлы С., Текебаев Ж.М. Еуразиялық экономикалық одақ аясында исламдық қаржыландырудың Қазақстан экономикасындағы алатын ролі	158
Садықова С. Т. Эффективное использование опционов на фондовом рынке	163
Асилова А.С. Инновациялық дамудағы шетелдік инвестиция тартудың қажеттілігі	167
Жұбанова Ж.Б. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдауды жетілдіру жолдары	170
Керімбекова Н.Н. Банктің меншікті капиталы оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде	172
Мустафина А.К. Современное состояние земельного налога в РК	176
Сунпугалиева Г.И. Еуразиялық экономикалық интеграцияның тиімділігін арттыруда коммерциялық банктердің ролі	180
Назарова Г. Корпоративтік салықтық менеджменті: жағдайы мен даму мәселелері	183
Казбекова Ж.Б., У Цзинин. Эффект финансового рычага и рациональная политика заимствования средств предприятия	183
Хамитов Н.Н., Фэн Ци. Необходимость страхования предпринимательских рисков	190
Жоламанова М.Т., Чжан Вей. Мероприятия по улучшению состояния банковского сектора Китая	192
Казбеков Б.К., Чжоу Лин. Значение прямых иностранных инвестиций в развитии национальной экономики Республики Казахстана	194
Тулегенова М.С. Учись и учи. Веди простую жизнь и цени то, что имеешь. Отдавай больше. Ожидай меньше.	197
Досжан Р.Д. Жобалық тәсілді қолдана отырып тәуекелдерді басқару кәсіпкерлік қызметті	199
Кукиев А.Ж., Салыханова Д.А. Индустриалды-инновациялық даму моделі: объективті алғышарттары және қажеттігі	201
Байдильдина А.М., Алимбекова Г.А. Пути финансового оздоровления и предотвращения банкротства предприятий	206
Джаншанлю Р.Е. Жизнь в кредит счастья не приносит	209
Баймуханова С.Б., Байахметова А.Б. Өндірістік шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау	213
Бейсенбаева А.К., Акимбаева Қ.Т. Экспорттау келісімі мен оны талдаудың маңыздылығы	216
Нургалиева Г.К., Айтбаева К.Б. Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында ұйым найдасын болуді талдау мәселелері	219
Нургалиева Г.К., Байсалова Б.О. Аутсорсинг как инструмент устойчивого развития компании в условиях евразийской экономической интеграции	223
Оралбаева Ж.З., Бейсенбаева А.Қ., Мансүрова Н.Ш. Тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыру	226
Сұлтанова Б.Б., Байдәулетов М.Б., Ақылбаева Г. Аудит қызметінің дербес бағыты ретінде салық аудитінің орны	229
Байдильдина А.М., Ақынова Ф.К. Практика и пути совершенствования учета и анализа доходов и расходов в сфере деятельности авиакомпаний	232
Низамдинова А.К., Аматава И.Ю. Проблемы гармонизации и интерпретация финансовой отчетности на основе международных стандартов	235
Джакишева У.К., Габбасова Ә.Т. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау нәтижесін басқару есебінде қолдану әдістемесі	237
Сұлтанова Б.Б., Жора А.Б. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес ауылшаруашылығында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың мәселелері	239
Низамдинова А.К., Кудышева Д. Значение финансового анализа для успешного развития предприятия	241
Низамдинова А.К., Кумарбай А. Теоретические основы методологии анализа движения финансовых (денежных) потоков и платежеспособности организации	244
Джакишева У.К., Қанатқызы А. Қаржылық есептілікте инфляция әсері	247